

## «Алаштың қайраткер қызы»

Ағартушы-педагог, журналист, этнограф, аудармашы,

Нәзипа Құлжанованың туғанына 135 жыл.

мерейтой көрмесі

Құлжанова Нәзипа Сағызбайқызы ХХ ғасырдың басында өз халқын білімге, мәдениетке шақырып, жаңалықтың жаршысы болған халқымыздың көрнекті ағартушысы, алғашқы мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың негізін қалаған тұңғыш педагог, әрі – журналист-публицист.

«Қараңғы қазақ көгіне, өрмелеп шығып күн болам!» деп С. Торайғыров жырлағандай, Қазан төңкерісінен бұрын-ақ қазақ даласында өнер, білім, мәдениет сауат ашу мәселелерімен айналысқан қазақ қайраткер қыздарының тарихтан алар орны ерекше. Солардың бірі – қазақ қыздарының ішінен суырылып шығып, қанатымен су сепкен қарлығаштай халқы үшін аянбай еңбек еткен тұлғалардың бірі, 20-30 жылдардағы қазақ интеллигенциясының

көрнекті өкілі, тұңғыш журналист, этнограф, аудармашы, педагог –ғалым Н. Құлжанова.

Абонемент бөлімі

Нәзипа Сағызбайқызының 135 жылдығына арнап «Алаштың қайраткер қызы» атты кітап көрмесін құрды. Кітап көрме 2 бөлімнен тұрады. Бірінші бөлімде Н. Құлжанованың шығармалары қойылса, екінші бөлімде баспасөз беттерінен алынған мақалалар, Н. Құлжанова туралы кітаптар орналасқан.

Көрмеде 1922 жылғы «Қызыл Қазақстан» газетінде «Октябрь төңкерісі және қазақ әйелі» атты мақаласы мен Нәзипа Құлжанованың ұлтына жасаған қызметі туралы газет-журнал беттеріне басылып

шыққан мақалалар мен кітаптар қойылған.

Ұлт руханияты тарихындағы әйгілі қайраткер Н. Құлжанова ұстаздық, қоғамдық еңбегі, кесек ой-толғаныстары заманнан заманға ауысқан сайын жаңғыра бермек.

